

ӘОЖ 316.422.42:091

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҮРДІСІНДЕГІ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕР МЕН ҚАСИЕТТІ КІТАПТАРДАҒЫ ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛДЕГІ ТҮСІНДІРМЕСІНЕ ШОЛУ

Берденгорова Тогжан Ардаковна, Тәңірберген Арайлым Егембердіқызы

togzhanardakovna@mail.ru, arailym0220@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы дінтану тобының 2-ші курс студенттері,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Карбаева Г. К.

“Рухани жаңғыру - Ұлттың Ұлы Мұраты!”

Серік Сейітман

Қазақ халқының салт-дәстүрінің жаңарту мақсатында Рухани жаңғыру бағдарламасы жарияланды. Рухани жаңғыру қоғамдағы сананы жаңғыртуға бағытталған бағдарлама. Яғни ұлттық кодымызбен ұлттық мәдениетті сақтай отырып, жаңа әлемге бет бұру.

Атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынаның бірі – мақал мен мәтел. Мақал мен мәтел жай сөз емес, ол – сөз атасы, сөз көркі, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қысқа болса да, нұсқа сөз.

Әр елдің өз мәденеті болады демекші, біздің халқымыздың мәдениеті де асыл құндылықтарға жеткілікті. Мәдениет дегенде бірден ойымызға салт-дәстүрлер келеді. Олар арқылы ана тілімізді ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып, ана тіліміз арқылы келешек ұрпаққа дүниетанымдық құндылықтар жиынтығынан тұратын мәдениетімізді де мирас етіп қалдыра аламыз.

Қазақ халқының мәдениетінің, салт-дәстүрінің жаңарту мақсатында Рухани жаңғыру бағдарламасы жарық көрді.

Рухани жаңғыру – қазақ ұлтының салт-дәстүрін, өткеннен келе жатқан мұраларын пайдалана отырып өркениетті қоғам жасауға ұмтылған жоба. Яғни, тамырынан адаспай, дәстүрін қайта жаңғырта отырып өркениетті ұлт қалыптастыру бағдарламасы [1].

Біздің ендігі мақсатымыз тарихи ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңарып жатқан жаңа дүниенің жағымды жақтарын бойымызға сіңіріп, дамыған 30 елдің қатарына ену.

Ендеше болашаққа күмәнсіз аяқ басу үшін тарихымызды жаңаша жандардыруымыз қажет. Елбасымыз бәсекелестіктің рухани жаңғыру үшін маңызы зор екенін атап өтті. Шыныменде бәсекелестіксіз ешнәрсе болуы мүмкін емес. Елбасымыз айтқан тұжырымды ойлар ешқандай дәлеледеуді қажет етпейтін тәжірибеден өткен қатаңқағидалар.

Біз елбасымыздың анық айтқан қатаң қағидаларын қолдана отырып, дамыған елдердің қатарында болуымыз керек.

Рухани жаңғырудың маңызы қандай?

Рухани жаңғырудың маңызы мен мақсаты - санасы түзу, тарихын танитын, революциялық емес эволюциялық дамуды қолдайтын, прагматизмді сақтайтын заманауи талаптарды жатсынбайтын, әмбебап бола алатын жаңалыққа құштар, білімдар қоғам қалыптастыру.

Сонымен «рухани жаңғыру» дегеніміз , бүгінгі өркениетпен тең болам десең, өткеніңе үңіліп, сол кездегі бар құндылықты қайта заманауи тұрғысынан пайдаға асыру. Тіл — халықтың ең негізгі байлығы. Қазір заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясат жүзеге асуда. Жас ұрпақ үшін үш тілді білу абзал. Көптілді оқыту — жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттіліктерінің бірі.

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті.

Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды [2]. «Тілдердің үш тұғырлылығы» бағдарламасының негізгі мақсаты — үш тілдің деңгейін көтеріп, жастар арасында бәсекелестікті арттыру.

Мақал -мәтелдер халық даналығы тілінде сақталаған. Оның ішінде халықтың тарихы, халықтың салт-дәстүрі, мінез-құлқы, әдет-ғұрыпы, ойы және әзіл-оспағы бар нақыл сөздер жиынтығы.

Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі — қазақ халқы. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі- сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», — деп көрсеткен болатын [3].

Қазақ мақал-мәтелдерінің бастау көзі сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер болған. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз [4].

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым — Шоқан Уәлиханов. Ш.Ш.Уәлиханов пен И.Н.Березин архивтерінде XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден астам аса мақал-мәтел сақталған. Солардың ішінде күні бүгінге дейін құнын жоймаған. Қазақ фольклорының басқа түрлерімен бірге оны жинап жариялаушылар: Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, П.А.Мелиоранский, А.А.Диваев, В.В.Катаринский. В.В.Катаринский Орынборда 1899 жылы «Памятная книжка Тургайской области...» кітабында жарияланған қазақ мақал-мәтелдерінің жинағын атай кеткен жөн. Жинақта бір мың бес жүздей мақал-мәтел басылған [5].

Мақал -мәтелдер қазақ салт-дәстүрінің бір бөлшегі. Ол рухани жаңғырумен тығыз байланысты. Себебі жоғарыда айтылып кеткен мәселелер қазақ мақал-мәтелдерінде кездеседі. Мысалы: әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің этномәдени тұрғыдан көрініс табуы. Олар ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеттіп, құрылып, жетілдірілді.

Мақал-мәтел — қай халықтың да жан-дүниесінің, мінез бітімінің, тыныс-тіршілігінің айнасы. Сондықтан ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып, қана қоймайды, қайта уақыт озған сайын құны артпаса кемімейді. Өйткені, халық мақал-мәтелдерінің айтары: өсиет, ұлағат, тәлім, парасат, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, әдептілік, ұстамдылық, сабырлылық, көргенділік.

Мақал - мәтелдерді білу , адамдардың сөздік қорын байытады, тілдің бейнелі құрылысын меңгеруге көмектеседі, жадыны дамытады, халық даналығын үйретеді.

Көптеген мақал-мәтелдер, халық даналығының інжу-маржандары.

Халықаралық мақал-мәтелдері қазақ, орыс, ағылшын тілінде де бір мағынаны береді.

Мысалы :

Қауын пәлегінен ұзамайды
Яблоко от яблони далеко не падает
As the tree, so the fruit [6].

Кісіні досына қарап таны
Скажи мне кто твой друг, и я скажу тебе, кто ты
A man is known by the company he keeps [6].

Екі кемеңіз басын ұстаған суға кетеді
За двумя зайцами погонишься, ни одного не поймаешь.
Dogs that put up many hares kill none; If you run after two hares, you will catch neither [6].

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі көптеген мақал-мәтелдердің мағыналары бір-біріне ұқсас. Себебі олардың көбі қасиетті кітаптардан, хадистерден, нақыл сөздерден алынған.

Жаңа өсиеттегі кітаптардың басым көпшілігі мақалдардан тұрады.

Мысалы: «кто не работает, тот не ест» деген мақал кеңес уақытында кеңінен қолданылды. Осы уақытта тәрбиеленген көптеген адамдарды бұл мақалдың шығу тегі қатты таңғалдырды. Бұл мақал апостол Павелдің Фессалоникийларға Жолдауындағы сөздері еді:

«когда мы были у вас, то завещевали вам сие: если кто не хочет трудиться, тот и не ешь» (2-е Фес. 3, 10) [7].

Көне өсиетте де қазіргі кезде қолданылатын мақал-мәтелдер кездеседі.

Мысалы:

Друг познаётся в беде – «друг не познается в счастье, враг не скроется в несчастье» (Сирах, 12, 8).

Не рой другому яму – сам в нее попадёшь – «кто копает яму, тот упадет в неё» (Екклес. 10, 8).

Старый друг лучше новых двух – «не оставляй старого друга, ибо новый не может сравниться с ним» (Сирах 9, 12) [8].

Мақал-мәтелдерді зерттеп қарағанда кейбір мақал-мәтелдердің хадистердегі ойлардан туындағанын көруге болады. Оларды хадистердегі ойдан туындаған деп кесіп айтуымыздың себебі – бұл мақал-мәтелдердің діни мотивтерді қамтуы және шарият үкімдерімен үндесуі.

Сондықтан мұндай мақал-мәтелдерді хадистердегі ойдан, хадистерден шығатын үкімдерден туындаған деп сенімді түрде айта аламыз.

Мысалы, Алла Елшісі (с.а.с) бір хадисінде: «Өтіріктен сақтан. Себебі өтірік пен иман бір жерде болмайды,» – деген. Осы хадисті қазақ халқы: «Өтірікшіде иман жоқ» деп мақалға айналдырып, өскелең ұрпағына өтіріктен бойын аулақ ұстауды ескерткен. Қоғамға зиянын тигізіп, ауызбіршілікті бұзатын мінез құлықтың бірі – тәкаппарлық. Пайғамбарымыз бұл жайында: «Тәкаппарлығынан киімінің етегін жерге сүйретіп жүргендерге Алла қиямет күні назарын да салмас,» – деген. Ал, халқымыз осы хадистен ой түйіп: «Тәкаппарды Тәңірі сүймес» – деген [9].

Мақал-мәтелдер ғасырлар бойы еленіп, екшелеп, сұрыпталудың нәтижесінде аз сөзде көп мағына сыйдырып, ұшқыр сөзімен өсиетнама ретінде қолданылып келеді. Рухани жаңғыру және Үш тұғырлы тіл жобасына зер салып, салт-дәстүді ұмытпай жаңадан бәсекеге қабілетті білімдар қоғам құру, жас ұрпақтың ендігі мақсаттарының бірі.

Жоғарыдағы кейбір мақал-мәтелдердің шығу тарихы қасиетті кітаптардан екеніне көз жеткіздік.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, мазмұнының кеңдігі, тілінің өткірлігі, мағынасының тереңдігімен ерекшеленетін тіліміздің сарқылмас қазынасы мақал-мәтелдердің алатын орны ерекше екені сөзсіз.

Қолданған әдебиеттер тізімі

1. "Болашаққа бағдар- Рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы.// "Егемен Қазақстан" газеті.2017.- 12-сәуір.
2. "Үш тұғырлы тіл –ұлттың келешегі" бағдарламалық мақаласы. .// "Егемен Қазақстан" газеті. 2011.- 29 қаңтар .
3. <http://bilim-all.kz/figure/27?posts=quotes> сайтынан алынған.
4. Габдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Санат, 1974.384 б.
5. Шоқан Уәлихановтың өмір баянынан.
6. М. И. Дубровин ағылшын және орыс мақал - мәтелдері, Мәскеу: ағарту, 1993 жыл; 45 б.
7. Жаңа өсиет. (2-е Фес. 3, 10)
8. Көне өсиет. (Сирах 9, 12)
9. Ш. Әділбаева «Хадис–ғұрпымыз,сүннет-салтымыз» Алматы қ. «Көкжиек-Б».2011ж. 18 б.